



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№37 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2008 ЖЫЛҒЫ 29 ЖЕЛТОҚСАН**

**Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 10,0%** деңгейінде белгілеуге шешім қабылдады.

Ақша нарығындағы іскерлік белсенділіктің төмендеуі және өтімділіктің жетіспеуі теріс әсерден басқа 2008 жылы Қазақстанда инфляциялық үдерістердің бәсеңдеу факторына айналды. Ұлттық Банк қысқа мерзімді болашақта инфляцияның өсуіне алып келуі мүмкін қандай да болмасын маңызды факторлардың болмауына байланысты осы үрдістің 2009 жылы сақталатынын күтуде.

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру заемдары 2009 жылдың басында банктердің қысқа мерзімді өтімділікті толықтырудың негізгі көзі болып табылатынын ескере отырып, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап ресми қайта қаржыландыру ставкасының 10,0%-ға дейін төмендеуі банк секторына қолдау көрсетеді және тұрақтандырушы әсер етеді.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасының алдыңғы мәні жылдық 10,5% болды.